АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР
ҚҰЛСАРЫ ҚАЛАСЫ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КУЛЬСАРЫ
РАЙОННОГО ЗНАЧЕНИЯ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

06.06.2023 | № 67-Ѳ

Құлсары қаласы | город Кульсары

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 заңның 39-баптың 4-тармағы негізінде:

1. Жол белгілерін жағу бойынша жұмыстары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39 бабының 3-тармағының 42-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Құлсары қаласы әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Н.Даулетоваға міндеттелсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Құлсары қаласы әкімінің орынбасары С.Сатышеваға жүктелсін.

4. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **Қ.Адинов**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады Қымет Бабына жазылған көшірмелер шектеулі данада жасалады
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Бекітілді

Құлсары қаласы әкімі

_____ Қ.Адинов

Қызметтік хат

Құлсары қаласы әкімі аппараты «2023 жылғы Құлсары қаласындағы Жол белгілерін жағу жұмыстар» бойынша мемлекеттік сатып алу порталына 2 мәрте жарияланған болатын.

Ағымдағы жылдың сәуір айының 20 күні мемлекеттік сатып алу порталына жарияланып, ағымдағы жылдың мамыр айының 5-і күні өтінім қабылдау аяқталды. Алайда №9774751-1 2023 жылғы Құлсары қаласындағы Жол белгілерін жағу бойынша жұмыстар мемлекеттік сатып алу порталында Ұсынылған өтінімдердің болмауы байланысты өтпеген деп танылды.

Соған сәйкес, ағымдағы жылдың мамыр айының 15 күні мемлекеттік сатып алу порталына қайтадан жарияланып, ағымдағы жылдың 23 мамыр айында аяқталды. Алайда №10001903-1 2023 жылы қайта өткізілген Жол белгілерін жағу бойынша жұмыстар мемлекеттік сатып алу порталында Ұсынылған өтінімдердің болмауы байланысты қайтадан өтпеген деп танылды.

Жоғарыда көрсетілген Жол белгілерін жағу жұмыстары бойынша өтінім беруші болмауына байланысты, ашық конкурс бір көзден, яғни «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңының 39-баптың 3 тармағының 42-тармақшасына сәйкес, егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының осындай біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім беруші анықталсын.

Дайындаған: Даулетова. Н

Құдайбергенов. Ж